

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 470 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1432 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 470 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 19, 243-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорларын құру, олардың жұмыс істеу мен тарату және астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысу ережесінде:

12-тармақтың 3) тармақшасының бесінші абзацындағы "оның мүлкі" деген сөздерден кейін "үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақтың 3) тармақшасының екінші абзацындағы "меншік құқығын және " деген сөздерден кейін "үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Астық қабылдау кәсіпорны астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесіне қатысушылардың қатарына енгізілген кезде қор қатысушының қаржылық жай-күйін, қатысушының мүлкіне кепіл ауыртпалықтарының болуын, қатысушының паспорттық сыйымдылығын және астық қоймасының нақты жүктелу көлемін, қатысушының астық қоймасында сақталатын астық иелерінің құрылымын, сондай-ақ қорға берілетін кепілдік қамтамасыз етудің болуын және сипаттамаларын ескере отырып анықталатын квота белгілейді."

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК